

УДК 796.078

ХАЛЫҚПЫЗ, АРТЫҚ КӨРГЕН АТТЫ ТАҚТАН

Ақанов Ш.К.,

Дене шынықтыру пәнінің оқу тәрбие орталығының аға оқытушысы

Асан А.О.,

Дене шынықтыру, спорт және туризм факультетінің,

«Дене шынықтыру және спорт»

мамандығы, 3 курс студенті,

ҚМПИ, Қостанай, Қазақстан

Аннотация

Мақалада қазақтың ұлттық ойындары, оның ішінде ат үстінде ойналатын ойындар туралы баяндалады. Қазақ халқының қанына сіңген, жанына жақын жылқы жануары жөнінде сөз болады.

Ат спортының Қазақстанда дамуы, Қостанай облысындағы «Қазақ тұлпары» зауытының жұмысы және балаларды ұлттық ойынға тартып, үйрету қажеттілігі айтылады. Ұлттық спортымызды дамытып, дәріптеу туралы ой қозғалады.

Аннотация

В этой статье рассматриваются казахские национальные игры, в частности, игра «Верхом на лошади». Для казахов лошадь – это высшее средоточие красоты, жемчужина среди всех животных.

Рассматривается развитие конного спорта в Казахстане, работа завода «Қазақ тұлпары» в Костанайской области, а также необходимость обучения детей национальным играм. Предложены идеи для развития национального спорта.

Abstract

This article is dedicated to Kazakh national games, including games on horses. Also, the article has the information about horses as one of the pets which Kazakh nation likes more than others.

Moreover, this article shows the horse-sport development in Kazakhstan, the work of the factory of Kostanay region «Kazakh tulpary» and how to teach national games to children. And there are ideas of assistance for the development of national sports.

Түйінді сөздер: киелі жылқы жануары, қазақтың ұлттық ойыны, көкпар, қыз қуу, атты баптау өнері.

Ключевые слова: священные животные лошади, казахская национальная игра, кокпар, кыз қуу, искусство управлять лошадью.

Keywords: a horse – a sacred animal, Kazakh national game, Kokpar, Kyz kuu, a horseman skills.

1. Кіріспе.

Ежелден кең даланы мекендеп, мал бағып, ат мініп өскен бабаларымыздың дәстүрлі ойын-жиындары, түрлі жарыстары да жүйрік атсыз өтпеген. Халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілерін, тарихи шығармаларды оқығанда ел қорғаған ерлердің, қаны қазақ ұл-қыздардың барлығы да атқұмар, шабандоз; олар ат үстінде небір ептілік батылдықтың түрлерін көрсетеді. Ат үстінен жамбы ату, теңге алу, аударыспақ сияқты жарыстар, бәлкім жаугершілік заманның әскери ойындарынан ауысқан болар. Ал, жарыстардың сүйікті ойыны, көрермен үлкен-кішінің қанын тасытып, делебесін қоздыратын атақты қыз қуу ше?

Ерте заманда пайда болып, күні бүгінге дейін халқымыз арасында жиі ойналатын, қатысушыларын да, жан-күйерлерін де ерекше күйге бөлейтін ұлттық ойынның бірі- көкпар.

Алайда, көкпар өзбек, қырғыз, тәжік, ұйғыр, монғол халықтарында да көп тараған. Сондай-ақ, Ауғанстан мен сонау Аргентина халықтарында да көкпарға ұқсас ат ойыны бар екені мәлім (1).

Көкпарда, негізінен, ешкі тартылады. Өйткені, оның терісі мықты. Көкпарға берілетін ешкіні бауыздап, басын, төрт сирағын, кесіп тастайды. (Өйтпесе, мүйізі мен тұяғы адамдардың киімін жыртып, денесін жаралап кетуі мүмкін). Сонан соң ешкінің денесін салқындатады, кейде тіпті, мұздай суға салып алады. Сонда терісі оңай жыртылмайтын болып, тіптен ширай түседі.

Көкпарды қырғыз, өзбек тілдерінде «улак тартыш», ұйғыр тілінде «оғлак» дейді. Ал қазақ тілінде «көк бөрі» деп аталады екен. Мал баққан көшпелі халық үшін ертеде ең қауіпті аң – көк бөрі (қасқыр) болған ғой. Оны батыл, ер жүрек, қайратты, самдағай жігіттер ғана қолға түсіре алған. Сондайда, әрі басқаларды да батылдыққа баулу үшін, әрі бөріні қолға түсіріп қуанғаннан қасқырдың өлігін сүйрелеп, бір-бірінен алып қашып ойнайды екен. Бұл әдет сөйте-сөйте жиын-тойда ойналатын дәстүрлі ойынға айналыпты. Бірақ той сайын қасқыр табыла бермегендіктен оның орнына ешкі, кейде бұзау да тартылған. Ал көкпарға ешқашан да қой тартпаған. Өйткені, біріншіден оның батпандай ауыр, май құйрығы бар. Екіншіден, жүні қауқиған қалың. Үшіншіден, еті майлы, терісі осал, тартуға келмейді. Иа, қазақтың, ары айтсақта иісі түркі тектілердің жаны да, тәні де, ары да, даңқы да, бақыты да, тарихы мен дәстүр болмысы да тек жанына балаған сәйгүлігіне байланысты екен (2).

2. Метериалдар мен әдістері.

Зерттеу жұмысына салт-дәстүрге қатысты тарихи еңбектер, баспасөз материалдары қолданылды. Зерттеуде анализ және тарихи-салыстыру әдісттері пайдаланылды.

3. Талқылау.

Бүгін наурыздың 28 жұлдызы. Көктем келсе де айнала да қарлар толасып жатыр. Күн енді бірте-бірте жылып келеді. Мен қайта қолыма қамшымды алып, өзімнің жаныма жақын сәйгүлігіме қайта қондым. Шіркін-ай аттын құдіретінде шек жоққой. Қанымызға сінген, ата-бабаларымыздан келе жатқан асыл мұрамыздың бірі.

Мен Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының дене шынықтыру және спорт факултетінің 2-ші курс студентімін. Мамандығым ұлттық ат спорты бапкері болу. Бұл факултетке мен кездейсоқ түскенім жоқ. Бала күнімнен атқа жақын болып өстім. Менің әкем Сейдахметов Ораз көкпардан КСРО-ның 9 дүркін чемпионы болған. Үйдегі аға, әпкелерімде әкемнің тәрбиесімен ат үстінде өсті. Жастайымыздан бәріміздің де бапкеріміз, оқытушымыз әкеміз болған сон осы спорттан үздік нәтижелерге жетіп, ҚР-ның бірнеше дүркін чемпионы болып жатқан жайымыз бар. Қазіргі кезде де әкеміздің жолын жалғастырып, өзі жоқ болса да анамыз жарының ісін жалғап осы салаға түсті. Бәріміздің де арманымыз, мақсатымыз ол кісінің беделін түсірмей, керісінше мерейін көтеріп «Ұл-қыздары Ораз Қожаның атын өшірмей, ұлттық спортты көтеріп жатыр» дегенді есту. Сол себепті де, осы мақаланы өзімнің оқудағы тәлімгерім, аға оқытушы Ақанов Шәріп Қаймолдаұлымен ұлттық спортымызды зерттеп, жазып отырмыз.

Спорттың қай түрі болмасын жолы ауыр. Оның өзінің әдісі, тәсілі, белгілі бір деңгейлері болады. «Өз ісін жақсы көрген адам ғана, жетістікке жетеді», - дейді ғой. Сол себепті, айналысып жатқан спортыңды да жақсы көруің керексің. Оның қандай болмасын қиындығына төтеп беріп, шаршасаң да сабырлы болып, бар жігеріңмен күш қуатыңды аямай айналысаң, міндетті түрде қалағаныңа жетіп, өз спортыңның үздігі атанасың.

Ер қанатты, болат тұяқты жануар - жылқыны күтіп-баптау ежелден дәстүрге айналған. Ата-бабаларымыз жылқыны киелі жануар деп, оған ерекше күтіммен қарап, оны барынша баптап отырған. Әр аймақта қазақ жылқысының өзіндік тұқымы бар. Олар – мініске жайлы, жоталы, оңтүстік батыстағы адай тұқымы, орталық аймақтағы келте, жұмыр жабы тұқымы, ұзақ шабысқа шыдамды, таулы өлкеде өсіп-өнген шығыстағы найман тұқымымен

будандар және батыс пен солтүстігімізді жайлаған желісті жылқылар. Ал өзіміздің Қостанай облысындағы «Қазақ тұлпары» ат зауыты 1888 жылы, Тобыл өзенінің жағалауында II Николайдың жарлығымен салынды. Ол бұрынғы кезден бастап өзінің жылқыларымен елге танымал болды. Бұл жерлердің аттары бүкіл Қазақстаннан үздік орындар алып отырды. Сонымен қатар «Қазақ тұлпары» жылқы зауыты өзінің асыл тұқымын шығарды. Ол тұқымның аты – қазақ мініс жылқысы. Қаншама жылдар өтсе де зауыттың ірге тасы да, жұмысы да тоқтаған жоқ.

Қазақстанда ұлттық спортқа жыл өткен сайын жақсы көңіл бөліп келеді. Ұлттық спортымыздың көп түрі де осы қасиетті жануарымыз жылқымен ойналатын ойындар. Соның ішінде: көкпар, аударыспақ, қыз қуу, теңге ілу, бәйге. Көкпардың бар құдіретін түйсіну үшін, қазақ болып туу керек деседі. Рас та шығар. Дене тәрбиесін былай қойғанда, жайдақ атқа мінген адамға ауру жоламайтынына екінің бірі сенеді. Жігіттің сұлтаны мен жылқының тұлпарының тері сіңген көкпардың еті мың түрлі ауруға ем болады дейді қазақ. Ұрпақ сүйгісі келген тұмса әйелге ырымдап, көкпардың етін береді қазақ. Көкпар әкеліп тастаған үйден бәле-батыр аулақ жүретініне де сенген біздің аталарымыз. Қазағымның өзіндей қарапайым, қазағымның өзіндей алаңғасар, қайран-көкпар!

Шыбын жанын шүберекке түйіп, қарсыластың тақымында кеткен ақ серкеге шүйілген атан жілік азаматтың алақан табы көкпарға сіңеді. Алақұйын додадан әрең шыққан арғымақ аттың ащы тері көкпарға тамады.

Атанның қомында туып, аттың жалында өскен қазақ ұланының қай кезден бастап көкпар тартқанын ешкімде білмейді. Қадым заманда Үшоқ елінің мың сан жауынгерінің Ұланы болып қылыштың жүзі, найзаның көзінде жүрген қазақ ата-баласының көкпар тартқаны анық. Желдің өтінде, жаудың шетінде ғұмыр кешкен дала перзенттері өздері қасиет тұтар көкбөріні де көкпарға тартыпты. Мың өліп, мың тірілген қайран бабалар ашынып, ашуланған шағында тағдырдың өзімен тайталасқысы келген шығар...

Атам заманнан еңсегей бойлы, атан-жілік аталарымыз көкпарға тана тартады екен. Сирағы жоқ, басы жоқ домаланған серкені тақымына баса алмай тырбаңдаған көкпаршыны көріп, үлкендер жағының бас шайқайтыны, өткен күндер елесін қайта тірілтіп, әңгіме шертетіні содан. Тоғыз пұттық тананы өңгеріп әкету оңай емес, әрине. Біз көрген мықты көкпаршылар ондайдан «қоржын» әдісін қолданатын. Яғни, тананы жерден көтеріп алғасын, өзі ердің екінші бетіне аунап түседі. Сонда салмақтары шамалас адам мен тананы теңдеп алған қас тұлпар мәреге қарай өзі тартады. Көкпар атының басты қасиеті – ол көкпаршының ішкі ойын тақымынан сезеді, қалың дода ішінен көкпарды да өз табады, мәренің, қазандықтың қайда екенін де біледі. Аталарымыз осындай көкпар аты үшін өздерінің жанын берген ғой. Сонымен қатар, ат үстінде тек ер жүректі, батыр ұлдар ғана емес қайсар да, ер мінезді ару қыздарымыз да атам заманан ат құлағында ойнаған. Сол кездерден бері келе жатқан қыз қуу ойынының ережесі де өте қызықты болатын. Әр рудың, тайпаның жігіттері көрші ауылдардан өзіне жар етуге қыз іздеп шыққанда өзінің көңілінен шыққан қызға осы ойынды ұсынатын болған. Қыз бен жігіт ат үстіне қонып, ең алдымен жігіт қызды қуып жетіп жұрттың алдында бетінен сүйген. Содан соң, қыз жігітті қуып жетіп алса, қамшының астына алған. Оның бәрі белгілі бір қашықтықта өтетін. Дүйім жұрттың алдында қуып жеткен қызды өзіне жар етіп алған. Бұл ойын әлі де өзінің жалғасын тауып келеді. Дегенмен де, заман ағымына байланысты ойынға өзгертулер енгізіп, жаңа ережелер бекітілді. Көпшіліктің көзінше алақанына салып, аялап өсірген қызын өзге жігіттің бетінен сүйгені қай әкеге, қарындасым деп отырған ағаға қарап отыру ұят әрі ерсі болғандықтан, оның орнына қыздың иығындағы орамалды алу керек. Ал қыз баласы жігітті қуып жетсе қамшының астына алуы барлық жиналған жұрттың делебесін қоздырған.

Ұлттық ойындар мен спорт түрлері – өсіп келе жатқан жас буындарды жан-жақты тәрбиелеудің бірден бір бөлігі болып есептеледі.

Қазіргі замандағы дене шынықтыру ісінде ғасырлар бойы екшеленіп, жетілген бай тәжірибені келешек жастарды тәрбиелеуде, ұлттық ойындар мен спорт түрлері арқылы пай-

далану керек. Бұл халық педагогикасының сарқылмас қазынасы, өйткені мұнда қажырлы өмір сүру үшін және ел ішінде жаппай дене шынықтыру жұмыстарын өрістету үшін, әсіресе еліміздің ауылдық жерде тұратын көптеген халықтары үшін керекті, әрі ыңғайлы спорт түрі. Керекті спорт базалары жоқ ауылдық жерлерде ұлттық спорт түрлерін пайдалану қазіргі уақытта өте қажет-ақ. Бұл жерде ең керегі, барлық ойындар мен спорт түрлерінің денсаулықты қалпында сақтау мүмкіншіліктерін толық ашу үшін педагогикалық және спорттық принциптерді сақтау. Ұлттық спорт түрлерін өркендетуге әуесқой және нағыз жанашыр азаматтармен қатар Спорт және Туризм Комитеті, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ат спорты Федерациясы айтарлықтай күш салып келеді. Соңғы уақытта спорттың бұл түрлері Қазақстанның ішінде ғана емес, өзге елдерде де ойналып, үлкен додаларда бір-бірімен бақ сынасып жатыр.

Ұлттық спортымызды қанша көтергіміз келіп жатса да кей жағдайлар бізге мүмкіндік бермей жататыны да рас. Менің айтқым келіп отырғаны көптеген облыстарда арнайы осы спортымызды дәріптейтін, ұл-қыздарды дайындайтын арнайы мектептер бар. Тек бір-екі облыста әлі ашылған жоқ. Соның бірі біздің Қостанай облысында. Қостанай облысында ат зауыты болса да, ол жерде жас балаларды атқа үйрететін жағдай жоқ. Тек бір ауданда, шағын ғана «Балалар шығармашылық үйінде» «Алтын таға» атты, ат спорты үйірмесі жұмыс істейді. Онда бапкерлер өзінің жеке аттарымен мүмкіндігінше балаларды атқа мінуге үйретіп келеді.

Сол шағын ғана үйірмеден шыққан балалар Республика арасында қыз қуудан біраз чемпионаттың жеңімпаздары болып, алдыңғы қатардан көрініп, Қостанай облысының намысын қорғап келеді. Тек қыз қуу ғана емес, аударыспақтан да, теңге ілуден де балаларды дайындап, өздерінің жеке аттарымен барып, қатысып жүр. Бұның бәрі нені көрсетеді?! Біздің ұлттық ойынымызға деген қызығушылықты, жылқыға деген адал махаббатымыз бен сүйіспеншілігімізді. Ата-бабаларымыздан келе жатқан ойынды әрі қарай жалғастырып, оны барлық әлемге таныту. Бұл ойындарды қазақ халқы көтеріп, дамытпағанда өзге ұлт елеп, ескермейді да. Біз оқытушымызбен мектептер де, жоғары оқу орындарын да осы ұлттық ат спорты ойындарын оқытатын оны тәжірибе жүзінде де іске асырып, яғни жас буындарды атқа отырғызып үйрететін сабақ өткізілгенін қалаймыз. Ол әрі спорт болса, әрі денсаулыққа да өте пайдалы және де қазақтың қай баласы да атты еркін игеріп, құлағында ойнауы тиіс.

Сөз соңында «Қазақ халқы-ат баптап, көкпар тартып, қыз қууға жаралған» демекші, қазақты қазақ еткен киелі жылқы жануары болса, оны барынша баптап, ұлттық нақышымызды жоғалтпай, тек көтеріп, ары қарай дамыта берейік.

Әдебиет тізімі

- 1 «Маңмаңкер» журналы. Қазақстан жылқы шаруашылығы мен ат спорты 1999 жыл.
- 2 «Түгел» газеті, 2001 жылғы басылым.